Әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім алудың жоғары сапасына жету үшін біздің мектепте де әр оқушыға өзіне ыңғайлы ырғақта оқуға тиісті жағдай жасауды көздейтін және мүмкіндік беретін бағдарламалар дайындалып жетілдіруде. Бұл бағдарламалар арқылы білім алушылардың дамуы еліміздің болашақ экономикалық, аграрлық, саяси және әлеуметтік-мәдени өркендеуіне үлес қосады. Әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім алудың жоғары сапасын қамтамасыз етсек, біздің түлектеріміз тек орындаушы ғана емес – ол лидер, «шешуші» - өмірлік проблемаларын өзі шешетін, өз әрекеттеріне жауап бере алатын және өз мойнына жауапкершілікті арта алатын тұлға тәрбиелеуге бағытталған мектептің даму бағдарламасы - бір-бірімен өзара байланыстағы іс-шаралар кешені болып табылады.

**Ағымдағы жай - күйді талдау**

Алдымыздағы ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – біздің мектепте біраз уақыттан бері қолға алынған. Мектептегі білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс – тәсілдерінің жаңаруы, бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашыл бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматтарды тәрбиелеу – ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Елбасының «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени бағдарламасына сүйенеді. Мектеп - бір ауысымда, ұзақ күнді, барлығы 342 оқушы білім алады, білім алушылар асхана мен буфетпен қамтылған. Интернаттағы асхана 130 орынға ұйымдастырылған. Ас үй бөлімі қажетті жаңа технологиялық жабдықпен қамтамасыз етілген, барлығы талапқа сай жұмыс істеп тұр.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда.

Педагог кадрларды жұмысқа қабылдау конкурстық негізде тесттік жүйемен білім-білік дағдыларын тексеру арқылы іске асырылады. Мектептің бас демеушісі Қаппаровтар отбасының үлкен материалдық қолдауымен білім беру ісіне өзге аумақтардан, өңірлік іргелі жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардан өз ісінің хас шебері дәрежесіне жеткен кәсіби мамандар арнайы шақыртылған. Барлық педагогтер саны-48, оның ішінде жоғары білімдісі-48. Физика-математика ғылымдарының кандидаты-2, педагогика ғылымдарының кандидаты-1. Жоғары санатты педагогтар барлық мұғалімдердің-48 пайызын, бірінші санатты мұғалімдер педагогикалық ұжымның-22 пайызын құрайды. Оның ішінде: Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері-2.

Мектебіміздің даму бағдарламасы оқушылардың білімін жетілдіруді негізгі мақсат етті. Мектептің бағыты - физика-математикалық. Мектептің алдына қойған мақсаты - облыс көлемінде математика және физика пәндеріне бейім, денсаулығы мықты оқушыларды іріктеп, оларға ғылым негізінде терең әрі тиянақты білім бере отырып, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани қабілеттерін қалыптастыру.

Жаңартылған білім беру мазмұны өз кезегінде педагогтармен жүргізілетін жұмысты да жаңаша арнада олардың әртүрлі санаттарын саралай отырып, әр деңгейдің өзіне лайық формасында ұйымдастыруды талап етеді. Баланы оқытудың дәстүрлі құндылықтарын тұлғаны дамыту құндылықтарымен алмастырумен, оның білім сапасын көтерумен байланысты білім беруді реформалау жүйесіндегі өзгерістер қазіргі заманғы шындықты, мотивтер мен баламен өзара әрекеттесу тәсілдерін түсінуді қажет ететін мұғалімдердің кәсіби шеберлігіне жоғары талаптар қояды. Білім беру нәтижелеріне жетудегі мақсат пен міндеттерді іске асырудағы мұғалімдердің объективті және субъективті қажеттіліктері мектеп мұғалімдерімен әдістемелік жұмыста трансформация мен саралау қажеттілігін туғызды.

Мектеп-интернатта мұғалімдерді кәсіби дайындық деңгейіне байланысты саралау келесі формаларда жүзеге асырылады:

- Жас мұғалімдер тобы;
- Кәсіби деңгейін көтеретін мұғалімдер тобы;
- Шебер, зерттеуші және жоғары біліктілік санаттары бар мұғалімдер тобы;
- Деңгейлік курстардан өткен мұғалімдер тобы;
- Шығармашыл мұғалімдер тобы;
-Ғылыми дәрежесі бар ұстаздар тобы;
- Әкімшілік бақылау тобы.

Мектеп әкімшілігінің мұғалімдермен жұмысы кадрларды тиімді таңдаудан және орналастырудан басталады. Мектеп-интернат мамандандырылған білім беру ұйымы мәртебесінде болғандықтан, мұндағы білім беру ісіне білікті мамандарды таңдау аса қажет.

**Шет елде және «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының базасында тағылымдамадан өткен педагогтар тобы.**_Мектеп Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы №35 бұйрығымен «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының озат іс-тәжірибесін Түркістан облысы ауқымына тарату функциясын жүзеге асыратын тірек мектеп болып бекітілді. Бұл топтағы мұғалімдер педагогикалық жаңашылдық пен кәсіби дамудың кемеліне жеткен, Англияда және Астана, Орал, Семей, Шымкент тағы

басқа қалалардағы «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» базасында мектепті басқару, мұғалім көшбасшылығы, оқытудың тиімді тәсілдері жайлы тағылымдамалардан өткен ұстаздар. Бұл ұстаздар осы аталған тағылымдамалардан меңгеріп келген білім-білік жүйесін мектептің оқу-тәрбие үрдісіне енгізумен, мұғалімдерді оқытумен айналысады. Мектеп әкімшілігі оларды осы бағытта жұмыс жасау үшін арнайы тағылымдамалардан өткізген.

Мектеп әкімшілігі мен барлық пәндер бойынша білікті пән мұғалімдері «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары еліміздің барлық ірі қалаларында өткізген зияткерлік мектептердің озат іс-тәжірибесін тарату бағытындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жұмысына белсене қатысты. Соның ішінде 2013 жылы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жамантаев Максат Калжанович пен физика пәні мұғалімі Орынбаев Бахтияр Сейдуллаевич 5 кезеңнен тұратын (бірінші кезеңі-Астана қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектебі», екінші кезеңі-Англияның Брайтон қаласындағы SUSSEX университеті, үшінші кезеңі-мектептегі тәжірибе кезеңі, төртінші кезеңі-Семей қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектебі», бесінші кезеңі- Астана қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектебі») «Мектепті басқару және көшбасшылық» тақырыбындағы тағылымдамадан өтті. Тағылымдаманың қорытынды есеп беру, сынақтан өту кезеңінде Жамантаев Максат Калжанович пен Орынбаев Бахтияр Сейдуллаевич өздерінің тағылымдама барысында жиған терең де сапалы білім-білік дағдыларын көрсетіп, Англияның және «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының мектепті басқару және көшбасшылық бойынша сертификаттарын иеленді. Мұнан өзге математика пәні мұғалімдері Мирзакулов Бакитжан Пардакулович, Доскулов Ергали Жунусалиевич, Джуманов Сакен Серикбаевич, Дурменова Акгулим Камбаровна, физика пәні мұғалімдері Мырзакулова Назира Жаксылыккызы, Сариева Дилбара Байтаскызы, Орынбаева Галия Байкеновна, географмя пәні мұғалімдері Атамкулов Ербол Туленбаевич, Момбиева Тамара Ахметовна, тарих пәні мұғалімі Бегайдарова Индира Ибаділдақызы, химия пәні мұғалімі Әлтай Гүлнар Әбдіразаққызы, биология пәні мұғалімі Елікбаева Жанат Тасболатовна, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімі Әмірбекова Балнұр Өмірханқызы, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Насырова Оксана Александровна, ағылшын тілі пәні мұғалімдері Аристанова Гулназ Серикбаевна мен Бугыбаева Эльмира Мухтаровна еліміздің барлық іргелі қалаларындағы «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының базаларында зияткерлік мектептердің озат іс-тәжірибелерін тарату бағытында өткен республикалық, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жұмысына белсене қатысып, одан алған білім-білік дағдыларын аймақтық, облыстық ауқымдардағы семинарлар өткізу арқылы тек мектеп-интернаттың ғана емес, күллі облыс педагогтарына меңгерту, тарату бағытында қарқынды жұмыс жүргізді. Бұл аталған ұстаздар «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының озат іс-тәжірибелерін тарату мақсатында облыстық ауқымда желілік қоғамдастық құрып, оның жұмысын жүйелі жолға қойды

**Көшбасшы мұғалімдер тобы.** Англия мектептеріндегі бөлінген көшбасшылық жүйесінің жай бөлініс тәсілін басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды. Көшбасшылықтың осы үлгісін 2013 жылы Англияда тағылымдамадан өткен кезінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жамантаев Максат Калжанович меңгеріп келіп, мектеп-интернат мұғалімдерінің жұмыс жүйесіне тың жаңашылдық енгізген болатын. Мұнда әрбір көшбасшы мұғалім оқыту мен оқу жүйесінің бір саласын дамытуды өз еркімен міндетіне алады. Мұғалімдердің барлық бастамасы ерікті түрде болады. Мектеп әкімшілігі мұғалімге белгілі бір саланың жүгін көтеруді ешқашан міндеттемейді. Жеке бастамасымен оқу үрдісінің бір саласын дамытуды міндетіне алған әр көшбасшы мұғалімді мектеп әкімшілігі арнайы кестемен белгілі бір жобаға бекітеді және оның жұмысын бақылау мен қолдау көрсетуді жүзеге асырады. Арнайы бюллетенде барлық көшбасшылардың ролдері мен міндеттемелері көрсетіледі. Көшбасшы мұғалімдер мектеп ішінде әріптестерінің біліктілігін арттыру жұмыстарын жүргізеді. Төмендегі кестеде осы бөлінген көшбасшылық жүйесінің жай бөлініс тәсілі бойынша білім беру мекемесінің көшбасшы мұғалімдері қолға алған жобалар жайлы мәлімет ұсынылып отыр:

| № | Жоба | Көшбасшы | Бақылаушы директор орынбасары |
|---|---|---|---|
| 1 | Сабақтарда сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану | Н.Мырзакулова | М.Жамантаев |
| 2 | Дарынды және талантты балалармен жұмыс жасау жүйесін жетілдіру | А.Дурменова | М.Жамантаев |
| 3 | Оқыту-тәрбиелеу үрдісіндегі АКТ-ның қолданыс аясын кеңейту | М.Биходжаев<br>Т.Бегімқұлов | А.Нурсейтов |
| 4 | Диалогтық оқыту жүйесін меңгеру | А.Турабекова | М.Жамантаев |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Критериалды бағалау жүйесін қолдану | А.Алпысбаева | М.Жамантаев |
| 6 | Сыныптардағы көшбасшылық | Р.Қалметова | И. Бегайдарова |
| 7 | Action research | Г.Пияшова | М.Жамантаев |
| 8 | Lesson study | С.Миралиева | М.Жамантаев |
| 9 | Коучинг | Ш.Абдикулова | М.Жамантаев |
| 10 | Менторинг | Б.Мырзақұлов | М.Жамантаев |
| 11 | «Шаңырақ» | А.Ниязбекова | И. Бегайдарова |
| 12 | Әлеуметтік жобалар | Д.Кененбаев | И. Бегайдарова |
| 13 | Туған өлкеге саяхат | Е.Атамқұлов | И. Бегайдарова |
| 14 | Тьюторлық қызмет | Г.Құрбанбек | А.Нурсейтов |
| 15 | Кураторлық қызмет | М.Үстаев | И. Бегайдарова |
| 16 | Оқушылар мен мұғалімдердің пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар жарыстары | Г.Әлтай | А.Нурсейтов |
| 17 | Мұғалімдер мен оқушылардың денсаулық күндері | 1.Н.Қалжан<br>2.Ж.Қалжан<br>3.М.Нұршабаев<br>4.М.Сауранов | И. Бегайдарова |
| 18 | Флэш-моб | Е.Шарапиев | И. Бегайдарова |
| 19 | Сабақтарда көптілді оқудың элементтерін қолдану | Э.Бугыбаева | М.Жамантаев |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 20 | Барлық оқушылардың күнделікті 15 минут бұқаралық сипатта көркем-әдеби кітаптар оқу жұмысын жолға қою | Б.Әмірбекова | И. Бегайдарова |

**Бөлінген көшбасшылық арқылы оқыту мен оқу жұмысына енгізілген өзгерістер:**

- Оқушылардың сабақтың мақсат-міндетін өз еркімен айқындап, проблемалар мен тапсырмаларды шешуге өз бетінше бағытталуы
- Сабақтардағы мұғалімнің бағыт-бағдар сілтеуші, ұйымдастырушы, рефлексивті практик ретіндегі ролі.
- Оқушы-мұғалім қарым-қатынасының ынтымақтастық, тең дәрежелік, демократиялық қағидаттарға негізделуі.
- Бағалау мақсатының оқу сапасын жақсартуға бағытталған формативті жүйесі.
- Сабақтарда тәжірибелік тапсырмаларға басымдық беру, оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталу.
- Оқушылардың метатанымын, функионалдық сауаттылығын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын және әлеуметтенуін дамытуды күнделікті сабақтардың табыс критерийлері ретінде белгілеу.
- “Шаңырақ” жобасы.
- “Туған елге тағзым” жобасы.
- Кураторлық қызмет.
- Барлық оқушылардың күнделікті 15 минут бұқаралық сипатта көркем-әдеби кітаптар оқу жұмысын жолға қою.
- Сабақ арасындағы үлкен үзілістерде флэш-мобтар, әр аптаның бір күнінде денсаулық күнін өткізу.

**Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдер тобы.** Мектеп әкімшілігі шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдерді іріктеп, олардың әрқайсысының шығармашылық тақырыптарының мазмұнының ұқсастығына қарай «Ұлағат», «Парасат» және «Зерде» шығармашылық топтарына біріктірген. Шығармашылық топтың әр мүшесі өзіне мектеп әкімшілігі тарапынан бекітілген шығармашылық тақырыбы бойынша үнемі ізденіс үстінде болады. Мектеп әкімшілігі шығармашылық топтар мүшелерінің жұмысына қолайлы жағдай жасау мақсатында оларға сабақ кестесінде сабақтары жоқ уақыттарға арнап шығармашылық жұмыс күндерінің кестесін бекіткен. Осы кесте бойынша шығармашылық топтар мүшелері айына бір рет облыстық әмбебеп ғылыми кітапханаларға, өзге де ғылыми орталықтарға, мектеп-интернат ғылыми-шығармашылық ынтымақтастық шарт жасасқан жоғары оқу орындарына барып, өз шығармашылық тақырыптары бойынша ізденіс жұмысын

жүргізе алады. Төменде 2020-2021 оқу жылының II жарты жылдығындағы (2021 жылғы қаңтар-мамыр айлары аралығы) шығармашылық жұмыс күндерінің кестесі беріліп отыр:

| № | Шығармашылық топ атауы | Шығармашылық топ мүшесінің аты-жөні | Шығармашылық жұмыс күні | Шығармашылық ізденіс нысандары |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ұлағат» | Г.Пияшова | 05.01.2021ж<br>01.02.2021ж<br>01.03.2021ж<br>01.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 2 | «Ұлағат» | С.Миралиева | 06.01.2021ж<br>02.02.2021ж<br>02.03.2021ж<br>02.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 3 | «Ұлағат» | Д.Сариева | 08.01.2021ж<br>03.02.2021ж<br>03.03.2021ж<br>03.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 4 | «Ұлағат» | А.Дурменова | 09.01.2021ж<br>04.02.2021ж<br>04.03.2021ж<br>05.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | «Ұлағат» | Э.Бугыбаева | 11.01.2021ж<br>05.02.2021ж<br>05.03.2021ж<br>06.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 6 | «Ұлағат» | Ғ.Оралбеков | 12.01.2021ж<br>06.02.2021ж<br>06.03.2021ж<br>07.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 7 | «Ұлағат» | Л.Сарибаева | 13.01.2021ж<br>08.02.2021ж<br>09.03.2021ж<br>08.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 8 | «Зерде» | Г.Әлтай | 14.01.2021ж<br>09.02.2021ж<br>10.03.2021ж<br>09.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 9 | «Зерде» | Б.Әмірбекова | 15.01.2021ж<br>10.02.2021ж<br>11.03.2021ж<br>10.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 10 | «Зерде» | Н.Мырзакулова | 16.01.2021ж<br>11.02.2021ж<br>12.03.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 11.04.2021ж | |
| 11 | «Зерде» | Ш.Абдикулова | 18.01.2021ж<br>12.02.2021ж<br>13.03.2021ж<br>12.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 12 | «Зерде» | Т.Момбиева | 19.01.2021ж<br>13.02.2021ж<br>15.03.2021ж<br>13.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 13 | «Зерде» | Ж.Елікбаева | 20.01.2021ж<br>15.02.2021ж<br>16.03.2021ж<br>14.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 14 | «Зерде» | Қ.Ербосын | 21.01.2021ж<br>16.02.2021ж<br>17.03.2021ж<br>15.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 15 | «Парасат» | Д.Кененбаев | 22.01.2021ж<br>17.02.2021ж<br>18.03.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 16.04.2021ж | |
| 16 | «Парасат» | Ж.Кененбаева | 23.01.2021ж<br>18.02.2021ж<br>19.03.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 17 | «Парасат» | И.Бегайдарова | 25.01.2021ж<br>19.02.2021ж<br>25.03.2021ж<br>17.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 18 | «Парасат» | С.Джуманов | 26.01.2021ж<br>20.02.2021ж<br>26.03.2021ж<br>19.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 19 | «Парасат» | М.Биходжаев | 27.01.2021ж<br>22.02.2021ж<br>27.03.2021ж<br>20.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |
| 20 | «Парасат» | К.Алмуханов | 28.01.2021ж<br>23.02.2021ж<br>29.03.2021ж<br>21.04.2021ж | Облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПУ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Әрбір шығармашылық топтың жетекшісі мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып өз шығармашылық тобының бір оқу жылы ішінде өтетін отырыстарының кестесін жасайды. Осы кестеге сәйкес шығармашылық топтың әр мүшесі топ отырысында өз шығармашылық тақырыбы бойынша зерттеу жұмысын таныстырады. Мұндай шығармашылық топ отырысына мектеп әкімшілігінің өкілі қатысып отырады. Отырыста шығармашылық топ мүшелерінің шешімімен жұмыс әрі қарай жетілдіруге, Методикалық кеңесте қорғауға, Педагогикалық мерзімді баспасөзде жариялауға немесе түрлі деңгейлердегі семинарлар мен конференцияларда қорғауға жолданады. Бұл топтағы мұғалімдер дамуының ең жоғарғы сатысы - шығармашылық деңгей. Олардың қызметінің маңызды мотивтері: өзіндік, авторлық дидактикалық жүйе (бағдарламалар, технологиялар, техникалар және т.б.). Бұл мұғалімдер мектептің мақтанышы және беделі.

**Деңгейлік курстардан өткен мұғалімдер тобы** мектеп-интернат мұғалімдері үшін де, білім саласындағы құзырлы мекемелер бекіткен инновациялық-эксперименттік жобаларға кіретін мектептер мұғалімдері үшін де семинарлар, коучингтер, Lesson Study топтамаларын өткізеді, Action Research жұмысын жүргізеді. Мектеп әкімшілігі олардың жұмысын әріптестерінің және өңірдің білім беру мекемелерінің ұстаздарының біліктілігін арттыруға бағыттайды, бұл топтағы ұстаздардың барлығы дерлік әдіс бірлестіктер жетекшілері және жас мұғалімдердің тәлімгерлері.Бұл топтағы мұғалімдер өткізетін онлайн ашық үлгілік сабақтар, семинарлар, коучингтер, Lesson Study топтамалары және тағы басқа іс-шаралар Методикалық кеңесте бекітіледі. Төмендегі кестеде осы топқа кіретін көшбасшы мұғалімдер арқылы жүзеге асырылып жатқан инновациялық білім беру жобалары жайлы мәлімет ұсынылып отыр:

| № | Жобаның атауы | Тақырыбы | Эксперимент жүргізген білім беру мекемесінің атауы | Бастамашы ұйым атауы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | НЗМ-нің «35 тірек мектеп» жобасы | НЗМ-нің озат іс-тәжрибесін тарату | Облыс көлеміндегі негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары | НЗМ ДББҰ |
| 2 | Республикалық оқу- | Ауыл мектебі жағдайында | Ж.Қаппаров атындағы | ҚР Білім және Ғылым |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әдістемелік семинары | дарынды балалармен жұмыс жүргізу жүйесі | №5 мамандандырылған мектеп-интернаты | министрлігінің «Дарын» РҒПО |
| 3 | Қамқоршылықтағы мектеп | Орта білім беруде жаңартылған білім мазмұнын қолданудың тиімді жолдары | «Атбұлақ» жалпы орта мектебі | Педагогикалық шеберлік орталығы, Шымкент қаласы |
| 4 | Әдістемелік қызмет жұмысын ұйымдастыру | Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру | Қ.Абдалиев ауылдық округы мектептері | Педагогикалық шеберлік орталығы, Шымкент қаласы |
| 5 | КӨМЕКТАЙМС | Педагогикалық қолдау, озық-әдістемелік мазмұнды және озық іс-тәржрибені тарату | Ы.Алтынсарин атындағы ЖОМ | ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Дарын» РҒПО |

**Критериалды бағалау бойынша жаттықтырушы сертификаты бар мұғалімдер тобы.** Мектеп әкімшілігі Бұл топтағы мұғалімдердің кәсіби қауқарын педагогикалық ұжымға критериалды бағалау бойынша әдістемелік көмек көрсетуге бағыттаған. Өткен оқу жылында педагогикалық ұжым 5 топқа бөлініп, осы топтағы мұғалімдердің сабақтарынан өтті. Мектеп-интернатта әр тоқсан сайын тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары бойынша өткізілетін модерация үрдісі де осы топтағы педагогтар жетекшілігімен іске асады.

Бұл топтағы мұғалімдер білім беру мекемесіндегі өзге әріптестеріне критериалды бағалау жүйесінің:

- Қалыптастырушы;
- Жиынтық;
- Диагностикалық түрлерін меңгерту;
- Оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалаудың оқыту сапасын арттыруға ықпалын арттыру бағытында талмай жұмыс жасап келеді.

Бұл топқа кіретін көшбасшы мұғалімдердің қызметтерінің негізгі бағыттары төмендегідей:

- Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға мониторинг жүргізу
- Мұғалімдерге критериалды бағалау жүйесі бойынша коучинг сессияларын ұйымдастыру
- Критериалды бағалау жүйесі бойынша Lesson study топтамаларын өткізу

- Пән әдіс бірлестіктері арқылы барлық пәндер бойынша критерийлер мен дескрипторлар жасауға, шкалалар белгілеуге басшылық жасау
- Сумmативті жұмыстар құрастыруға басшылық жасау
- Әр тоқсан соңында педагогикалық үрдіс қатысушыларымен бағалау үдерісінің келесі кезеңін жақсарту мақсатында кері байланыс жасау
- Критерийлер бойынша төмен деңгей көрсеткен, жеке жұмыс жасауды қажет ететін оқушылар тізімін қалыптастыру
- Әр пән әдіс бірлестігінде формативті тапсырмалар базасын құру
- Модерация тәжірибесін дамыту

Білім беру мекемесінде осы топқа кіретін мұғалімдерден бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін, қойылатын балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыру үшін модерациялық топ құрылған.

Әрбір тоқсанның соңында тиісті оқу пәндері бойынша тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары алынып, осы модераторлар тобының отырысында қарап, талқыланып модераторлар отырысының хаттамасы негізінде оқушылардың жиынтық тоқсандық бағалары (балдары) электронды журналға қойылады. Электронды журналдың электронды және қағаз түріндегі нұсқалары және модераторлар тобы шығарған хаттамалар мектеп үйлестірушісінде жинақталады.

**Педагогикалық ұжымдағы жас мұғалімдер тобы** 0-ден 3 жыл аралығында педагогикалық тәжірибесі бар 02 мұғалімді (барлық мұғалімдердің 04 %-ы) қамтиды. Олар үшін мектепте жас мұғалім мектебі ұйымдастырылды, әр жас маман үшін тәлімгерлер анықталды. Мектеп әкімшілігі тәлімгерлік туралы бұйрық шығарады және әр оқу жылындағы жас мамандармен жүргізілетін жұмыстардың жылдық жоспарын бекітеді. Ол жоспарда әр жарты жылдық қорытындысында жас мамандармен «Үздік жас маман» атты мектепішілік байқау ұйымдастыру, жас мамандардың сабақтарына ену, тәлімгерлер мен педагог-психологтың әдістемелік семинарларын ұйымдастыру, әр айда екі жас маманның сабақтарына тәлімгерлердің бір апталық ескертусіз енуін ұйымдастырып, нәтижесін дөңгелек үстел түрінде талқылау, жас мамандардың озат тәжірибесін авторлық бағдарлама ретінде жарыққа шығару секілді іс-шаралар жоспарланған. Мұнан бөлек әр жас маман мен тәлімгердің өзара бірлесе атқаратын өзіндік жылдық жұмыс жоспары болады. Мектеп әкімшілігі осы жұмыс жоспарларының орындалуын бақылайды, жас маманға қолайлы әдістемелік орта қалыптастырады, жас мұғалімге педагогикалық ұжымға сіңісуге, оқу процесін ұйымдастыруға, күнтізбе мен сабақ жоспарын құруға, сабаққа қатысуға, оқушылармен ынтымақты қарым-қатынасқа көмектеседі. Жұмыстың бірінші жылында жас мамандар күн сайын дерлік директордың орынбасарының кабинетіне кіріп, өздерінің жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы әңгімелеседі және кеңес алады. Мектеп әкімшілігі жас мұғаліммен бірге ата-

аналар жиналыстарына барады, ата-аналардың ұсыныстарын тыңдайды, егер қандай да бір проблеманы байқаса, онда тәлімгерлермен бірлесе отырып бұл мәселелерді шешеді. Жас мамандардың әдістемесі жетілмегендіктен оларды оқу үдерісінен ажыратып, курстарға жіберуге тура келеді немесе тәлімгерлері оларды жаңартылған бағдарлама бойынша оқуға дайындау үшін жұмыс істейді.

Мектептің жас мұғалімдері жоғары санатты мамандардың сабақтарына үнемі қатысады. Тәжірибелі мұғалімдер жүзеге асыратын тәлімгерліктің икемді және мобильді жүйесі жас мұғалімнің кәсіби даму процесін оңтайландыруға, оның өзін-өзі жетілдіруге, дамытуға деген ынтасын қалыптастыруға көмектеседі. Жас мұғалім мектебіне қатысу жас мамандарға оқу үдерісін ұйымдастырумен, педагогикалық технологияларды дамытумен, пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалаумен, даралаңдыру принципін жүзеге асырумен байланысты құзыреттілік тапшылығын толтыруға мүмкіндік береді.

**Кәсіби деңгейін көтерумен айналысатын мұғалімдер тобы** өз қызметтерінде барлық біліктілікті арттыру курстарына, тәжірибелік тағылымдаларға, өзін-өзі дамытуға, әдістемелік зерделеу ісіне үлкен маңыз береді. 2018 жылы мектеп әкімшілігі арнайы сұраныспен шығып, Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығы мамандарының жүргізуімен мектеп-интернат базасында осы топқа жататын барлық мұғалімдерді «Тиімді оқыту мен бағалау» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсынан өткізді. Мектеп әкімшілігі бұл топтағы мұғалімдерді дамытудың кешенді жоспарын әзірлеп бекіткен және арнайы деректер базасын құрған. Мәселен мектеп әкімшілігі барлық ұстаздарды біліктілік артыру курстарынан, тағылымдалардан өткізу жоспарын, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарларға қатысу жоспарын, тағы басқаларын жасап бекіткен және әр оқу жылының соңында келесі оқу жылында біліктілік арттыру курстарынан, тағылымдамалардан өтетін педагогтардың өтініштері білім саласындағы құзырлы мекемелерге жолданады. Мектеп әкімшілігі жүйелі түрде барлық мұғалімдерді аттестаттау кезеңдерімен таныстырып отырады.

Аттестаттау кезеңдері:

1. Дайындық:

• Аттестаттау мақсаттары, аттестаттау комиссияларының принципті қызметі бойынша түсіндіру жұмыстары;

• Кәсіби іс-әрекет тиімділігінің өзіндік диагностикасы, оның негізінде мұғалім мәлімдеме мәтінін құрастырады;

• Консультациялық көмек: мұғалім өзінің жетістіктері, жаңалықтары туралы білуі, оларды талаптарға сәйкестендіруі керек.

2. Аттестация:

• біліктілік тестілері;

• Педагогикалық құрамның практикалық қызметін эксперттік бағалау.

**Шебер, зерттеуші және жоғары біліктілік санатты мұғалімдер тобы** тұтас ұжымның кәсіби дамуына, жалпылама әдістемелік жұмыстарға жетекшілік жасау жауапкершілігін арқалаған кәсіби топ. Бұл топқа кіретін жоғары санатты кәсіби

мамандар оқыту мен оқу жүйесі бойынша жасалған барлық жобаларға жетекшілік жасап, бағыт-бағдар береді, жұмыс нәтижесіне мониторинг жасап, ұсыныстар әзірлейді және бағалау жүргізеді. Мектеп әкімшілігі олардың жасаған ұсыныстары мен ескертпелерін, бағалауларын әрі қарайғы жұмыс барысында мұқият ескереді.

**Ғылыми дәрежесі бар ұстаздар тобында** физика-математика ғылымдарының кандидаты-1, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент-1, жаратылыстану ғылымдарының магистрі-2, филология ғылымдарының магистрі-1. Мектеп әкімшілігі бұл мамандармен арнайы келісім-шартқа тұрған. Ол бойынша бұл ұстаздар оқушылармен және мұғалімдермен бірлесе отырып ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялар, тренингтер, семинарлар, кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырады, ғылыми жобаларға дайындық бағдарламаларын әзірлейді. Мектеп әкімшілігі өз кезегінде бұл топтағы ұстаздарға мектеп-интернат базасында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті жағдайлар жасайды, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасын қолжетімді етеді, мектепішілік ғылыми жоба конкурстарын, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізуде ұйымдастырушылық көмек көрсетеді, білім беру ұйымының қажеттіліктері мен мүмкіншіліктеріне сәйкес жаратылыстану бағытындағы ғылыми жобаларға дайындық бағдарламаларын бірлесіп әзірлейді, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын сараптап бекітуге ықпал жасайды.

**Әкімшілік бақылау тобы.** Бұл топ мектеп-интернат әкімшілігі мүшелерінен тұрады. Жоғарыда аталған барлық топтардың жұмысын әкімшілік мүшелерінің әрқайсысы өз жұмыс бағыттары бойынша бақылайды. Көшбасшы мұғалімдердің кәсіби қызметін өзіндік үздіксіз жетілдіру жұмысына әкімшілік қолдау көрсетеді. Көшбасшы мұғалімдердің мектепті басқаруға қатысты шешім қабылдауға қатысуын жолға қояды. Көшбасшы мұғалімдердің ұжымдағы өзге мұғалімдердің тиімділігін бағалауға қатысуын ұйымдастырады. Мектеп қызметкерлерінен басқарудың тиімділігі жайлы тұрақты түрде кері байланыс алып отырады. Директор мен оның орынбасарлары оқу жылы бойында тәжірибедегі зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған барлық мектепішілік іс-шараларға қатысады.

Қорыта айтқанда, мектеп-интернатта қолға алынған педагогтердің әртүрлі санаттарымен сараланған жұмыс жүйесі, педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби өсуіне, білім-білік дағдыларының жетілуіне, оқушылардың білім сапасының сапалы өсіміне, жетістіктерінің артуына жол ашты.

Осылайша, білім берудегі ахуалды талдау мыналарды көрсетеді:

1. **Мектептің ішкі және сыртқы ортасына анализ:**

**PEST – анализ (сыртқы ортаға анализ)**

| + факторлар | - факторлар |
|---|---|
| Экономикалық | |
| -Ел экономикасының дамуы<br>-Үкіметтің білім саласына бөлінетін қаржы көлемін ұлғайтуы<br>-Мектеп демеушілерінің материалдық-қаржылық қолдауының кеңеюі<br>-Кураторлық, тьюторлық штаттардың ашылуы<br>-Үкіметтің мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту саясаты<br>-Үкіметтің педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру бағытындағы жүйелі жұмыстары | - Әлемдік және отандық қаржы дағдарыстары<br>- Бюджеттен білім саласына бөлінетін қаржы көлемінің қысқаруы<br>-Үкіметтің кадрлық қысқартулар саясатын қолдануы<br>-Үкіметтің мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр сапасын арттыруға жұмсайтын қаржы көлемін шектеуі |
| Социум | |
| -Оқушыларды оқыту-тәрбиелеу үдерісін жақсартуда ата-аналар қоғамдастығының жан-жақты қолдауы<br>-Құқық қорғау органдарының оқушылардың тәрбиесін жақсарту бағытында мектеппен бірлесе отырып, іс-шаралар атқаруы<br>-Денсаулық сақтау мекемелерінің оқушылардың салауатты өмір салты жайлы түсінігін дамыту, денсаулығын жақсарту мақсатында мектеппен тығыз байланыста жұмыстар жасауы<br>- Аудандық ішкі саясат бөлімі мен облыстық ішкі саясат | -Ата-аналардың балаларының оқу-тәрбие нәтижелеріне селқос, немқұрайлы қарауы<br>-Өзге білім мекемелерінің мектепке бәсекелестік көзқараста болуы<br>-Құқық қорғау органдары мен денсаулық сақтау және ішкі саясат мекемелерінің мектеппен байланысқа жете мән бермеуі<br>- Мектептің білім саласындағы әлеуметтік серіктестерінің тәжірибе алмасу жұмыстарына селқос қарауы |

| | |
|---|---|
| басқармасының оқушылардың толеранттық танымын, отансүйгіштік сезімін, ақиқат діни түсініктерін қалыптастыру мақсатында мектеппен тығыз байланыста кешенді жұмыстар жүргізуі<br>-Мектептің білім саласындағы әлеуметтік серіктестерінің мұғалімдердің кәсіби деңгейі мен оқушылардың оқу жетістігін арттыру бағытындағы жан-жақты ғылыми-әдістемелік көмегі | |
| Технологиялар | |
| -Оқытудың жаңашыл ақпараттық-коммуникативтік технологияларының оқыту үрдісін жақсартуға үлес қосуы<br>-Оқыту мен оқу үдерісіне сындарлы оқыту технологияларының енгізілуі<br>-Электронды оқыту технологияларының енгізілуі | -Оқудың ақпараттық технологияларын жиі қолдану салдарынан оқушылардың көркем әдебиет оқу жұмысының кенжелеуі<br>- Дәстүрлі оқыту технологияларын қолданатын мұғалімдердің сындарлы оқыту технологияларына деген реакциясы<br>-Электронды оқыту жүйесін енгізуге мұғалімдердің компьютерлік сауаттылық деңгейінің сай келмеуі |
| Дәстүрлер | |
| -Ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарының білім сапасы мен тәрбие деңгейінің көтерілуіне ықпал етуі<br>-Оқыту-тәрбиелеу үдерісінде дәстүрлі оқыту технологияларының озық үлгілерінің модернизациялана отырып тиімді қолданылуы<br>-Ұлттық дәстүрлердің оқушылардың адамгершілік | -Заманауи талаптар мен көзқарастарға сай емес кертартпа дәстүрлердің оқушылардың білім алуына кедергі келтіруі<br>-Оқытудағы дәстүрлі педагогикалық көзқарастардың оқытудың жаңа технологияларын енгізуге кедергі болуы |

| | |
|---|---|
| құндылықтарын арттыруға жол ашуы | |

**Жүйелік өзгерістерге SWOT- анализ (ішкі ортаға анализ )**

| Күшті жақтары | Мүмкіндіктері |
|---|---|
| -Білікті, тәжірибелі кадрлары<br>-Конкурс арқылы іріктелген дарынды, талантты оқушылар<br>-Жүйелі де сапалы бақылау мен басшылық<br>-Оқыту мен оқудың инновацияшыл технологияларының оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы<br>-Саналы ұлттық тәлім-тәрбие<br>-Жақсы материалдық-техникалық база | -Ұлттық бірыңғай тестілеу мен оқу жетістіктерін сырттай бақылауда жоғары көрсеткіштерге жету<br>-Оқушылардың түрлі деңгейлердегі пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар жарыстарында жүлделі орындар иелену<br>-Мұғалімдердің біліктілігін одан әрі жетілдіру<br>Материалдық-техникалық база деңгейін көтеру |
| Әлсіз жақтары | Қауіп-қатерлер |
| -Ауылды жерде орналасуына байланысты бірқатар пәндер бойынша маман тапшылығының сезілуі.<br>-Мектеп мұғалімдерінің байқауларға, сайыстарға, конференцияларға қатысуы мен баспа беттеріне өз тәжірибелері туралы мақалалар жариялаудың төмендігі; | -Бірқатар мұғалімдердің дәстүрлі оқыту жүйесін берік ұстануы<br>- «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» озат тәжірибелерін ендіру мақсатында жүргізілетін барлық жұмыстардың ақысыз қоғамдық негізде ұйымдастырылуы<br>-Мұғалім көшбасшылығы жолындағы иерархиялық-құрылымдық кедергілер<br>-Кадр біліктілігін арттыру және материалдық-техникалық базаны көтеру мақсатында бөлінетін қаржы көлемінің қаржылық дағдарыстар әсерінен шектелу мүмкіндігі |

## IV. Білім беру ұйымының 2021-2025 жылдарғы арналған даму тұжырымдамасы

Мақсаты:

I. Мектеп-интернат білім алушыларының білім деңгейінің сапасын бәсекеге қабілетті деңгейіне жеткізу;

II. Педагог кадрлардың сапасын арттыру;

III. Жалпы адамзаттық құндылыққа негізделген тұлғаны тәрбиелеу және оқыту;

IV. Білім алушылардың алған білімдерін өмірге қолдана алуға үйрету.

| **Жұмыстың негізгі бағытары** | **Іс-шаралар** | **Жауаптылары** | **Орындау мерзімі** |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| **Мектеп-интернат білім алушыларының білім деңгейінің сапасын бәсекеге қабілетті деңгейіне жеткізу** | Олимпиадалық резерв құру. | ДҒІЖО А.Нурсейтов | қыркүйек-қазан |
| | 7-8, 9-11 сынып оқушыларынан олимпиадалық резерв тобын анықтауға арналған сауалнама жүргізу. | А.Нурсейтов, педагог-психолог | Қыркүйек-қазан |
| | Атағы бар ғалымдар және магистранттармен оқушыларды олимпиадаға дайындық жұмыстары бойынша келісім шарттар түзу. | Мектеп әкімшілігі. | Қыркүйек |
| | Мектепішілік олимпиадалардың өткізу графигін бекіту. | А.Нурсейтов | Қазан |
| | Оқушыларды олимпиадаға дайындайтын мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін өзін-өзі дамыту жұмысын ұйымдастыру. | А.Нурсейтов | Жыл бойы |
| | Республикалық математика-физикалық мектептерімен (Алматы, | «Нұрлан Қаппаров» қоғамдық қорының | Өз уақытында |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Нұр-сұлтан қалаларындағы) қашықтан кездесулер ұйымдастыру. | төрайымы С.Ксенбаева, А.Нурсейтов | |
| | Облыстық (Республикалық) математика және физика пәнінен 10,11 сынып оқушылары арасында «Жамбыл Қаппаров олимпиадасын» өткізу. | Мектеп әкімшілігі, «Нұрлан Қаппаров» қоғамдық қорының төрайымы С.Ксенбаева | Желтоқсан |
| | Олимпиадаға дайындайтын мұғалімдерге және қатысушы оқушыларға халықаралық олимпиаданың қазылар алқасының мүшесі Белянская Галина Владимировнамен кездесу ұйымдастыру. | «Нұрлан Қаппаров» қоғамдық қорының төрайымы С.Ксенбаева, А.Нурсейтов | Өз уақытында |
| | 7-8, 9-11 сынып оқушыларын халықаралық «Шексіз математика» және «American Mathematics Competitions» олимпиадасына дайындау. | А.Исмаилова, Б.Мирзакулов, С.Джуманов | Әр мерзімінде |
| | Оқушыларды «Edlight» академиясының олимпиадаға дайындық курсына қатыстыру. | А.Нурсейтов | Өз уақытында |
| | Оқушыларды республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңіне қатыстыру. | А.Нурсейтов | Өз уақытында |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| **Педагог кадрлардың сапасын арттыру** | Жас мамандарға тәлімгерлер бекітіп, методикалық деңгейін бақылап отыру. | А.Нурсейтов | Өз уақытында |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Әдістемелік кеңес өткізіп отыру. | М.Жамантаев, А.Нурсейтов. | Әр тоқсан сайын |
| | 1.Біліктілік арттыру курстарына жіберу.<br>2.Үштілділік бойынша химия, биология, физика, информатика пәндері мұғалімдерін жіберу. | М.Жамантаев, А.Нурсейтов. | Өз мерзімінде/ мерзімінен алдын |
| | НЗМ ДББҰ, БИЛ, РФММ ұйымдарымен байланыстар жасап, әдіс алмасып отыру. | Ж.Ахмедов, А.Нурсейтов, «Нұрлан Қаппаров» атындағы қор төрайымы С.Ксенбаева | Өз уақытында |
| | Пәндер бойынша олимпиадаларға қатыстыру. | А.Нурсейтов, Бірлестік жетекшілер | Өз уақытында |
| | Мұғалімдердің оқушыларды олимпиадалар мен түрлі интеллектуалды жарыстарға қатыстыруын үнемі бақылауда ұстау. | А.Нурсейтов | Өз уақытында |
| | Мұғалімдердің онлайн тегін немесе ақылы курстарға қатысуын бақылау. | А.Нурсейтов | Өз уақытында |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| **Жалпы адамзаттық құндылыққа негізделген тұлғаны тәрбиелеу және оқыту** | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар (тәрбие сағаттары, кездесулер, пікірталастар) жұмыстарын ұйымдастыру. | Директордың тәрбие ісі жөніндегіорынбасары, тәрбиешілер. | Белгіленген мерзімінде |
| | Мемлекеттік тілдің мерейін арттыру мақсатында іс-шаралар жұмыстарын ұйымдастыру. | Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, ұйымдастырушы педагог. | Белгіленген мерзімінде |
| | Қазақтық Ұлы Тұлғаларының | Гуманитарлық пәндері | Өз уақытында |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мерейтойларына арналған іс-шаралар ұйымдастыру. | мұғалімдері, ұйымдастырушы педагог | |
| | Интеллектуалды конкурстар, дебаттар, форумдарға оқушыларды қатыстыру. | Директордың тәрбие ісі жөніндегіорынбасары, ұйымдастырушы педагог. | Өз уақытында |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| **Білім алушылардың алған білімдерін өмірге қолдана алуға үйрету** | Білім алушыларды зерттеу жұмыстарына қызықтыру. | Ғылыми жетекшілер | Ақпан-наурыз |
| | Шығармашылық және зерттеушілік әрекеттері сағаттарын ғылыми жоба жұмыстарынмен айналысып жүрген жетекшілеріне бекіту, сабақ кестесін жасау. | М.Жамантаев, А.Нурсейтов. | Қыркүйек |
| | Атағы бар ғалымдармен оқушыларды ғылыми жоба жұмыстарына тақырып таңдауға, зерттеу барысында қолдау көрсету бойынша келісім шарттар түзу. | Мектеп әкімшілігі. | Қыркүйек |
| | Ғылыми жоба жұмыстарымен айналысып жүрген оқушыларға бағыт-бағдар беріп отыру | ПҒК, доцент, ОҚПУ аға оқытушысы Т.Бердалиева | Үнемі |
| | Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне оқушыларды қатыстыру. | А.Нурсейтов, жетекшілері, ПҒК, доцент, ОҚПУ аға оқытушысы Т.Бердалиева | Қараша |
